

# Биік еді Ебе-аға, шайқалмаған

*Адам өмірі үшін, отыз жыл – ажептәуір уақыт болғанымен, Ебе-ағаның көзін көріп, тәрбиелі сөздерін естіген мыңдаған шәкірттерінің бірі ретінде, уақыт өткен сайын, сол жылдары ұстазбен болған бірнеше кездесулерді есіме жиі ала беремін. Кеудемде нәрі қалған кездесулер мен үшін мәнін жоғалтпайтын мағыналы сәттер еді. Есіме ала отырып, Ебіней Арыстанұлы БӨКЕТОВ басқарған Қарағанды мемлекеттік университетінде білім алғандығымды мақтан етемін. Бес жылға созылған, қызығы да, қиындығы да мол студенттік шақ зымырап өте шыққанымен, сол кездері Ебе-ағамен болған бірнеше кездесуді еске алуды, ұстаздың өзі айтқандай, азаматтық парызым әрі шәкірттік қарызым деп білдім.*

## АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ

Қарағанды мемлекеттік университеті ректорының қазақ студенттерімен кездесуі бұған дейін «Мамандыққа кіріспе» деп аталған екен. Ал, биылғы жылғы қабылдау сынақтары барысында қазақ жастарының үлес салмағының артуына байланысты «Мамандыққа кіріспе» сабағын жоғары оқу орны басшысының қазақ студенттеріне әдейі өзінің жүргізуі – кездесудің мәні мен мағынасын одан сайын тереңдеткен болатын.

Сағат үшке жақындап қалғанда, қасында бірнеше көмекшісімен ректор залға кірді. Барлығымыз да орнымыздан ду көтерілдік. Дәл бір таудан көшкір жүргендей гүр етіп барып, тына қалды. Атағынан ат үркетіндей өзі ғалым, жазушы, университет ректоры – Ебе-ағанды бұған дейін көрмесек те, тегін адам еместігін бірден аңғарғанбыз. Қырықтың қырақсына жаңа ілінген Ебе-ағаның дене пішімі де ірілеу, құлжаның сақасындай болып ерекшеленіп тұрды. Бірден кездесу тізгінін өз қолына алған ректор университет проректорлары Пинин Владимир Федорович пен Құрман Ермағамбетовті таныстыра отырып, олардың да студенттерге әкедей қамқорлық жасайтынына тоқталып өтті. Керек болған жағдайда екі көмекшісінің де кабинеттерінің есіктері ашық екеніне, қандай да бір ағалық қамқорлықтарын көрсете алатындығына тоқтала кетті.

Жиналыс залында шыбынның ызыңы ғана естілетіндей тыныштық. Ебе-ағаның биязы қоңыр дауыс ырғағы жиналысқа қатынасусыларды толық баурап алды. Толқындалған қою қара шашын оң қолымен баяу ғана артқа қарай сипап қойып, аққарма ойын шәкірттерімен бөлісіп, ағалық ақылын айтқан еді.


Біз болсақ, Ебе-ағаның әрбір қимылын қалт жібермей, жүйелі әңгімесін аса бір ыждахатпен тыңдай бердік. Күлімдеуге бейім тұратын қой көзі бет әлпетіне жылылық беріп, ажарын асқақтатып тұрғандай еді. Кең маңдайды көмкерген, биік қабақпен жалғасқан берекелі қыр мұрын, кеңдік пен кемеңгерлікті айқындағандай. Қайралған көк семсердің жүзіндегі жас қайраткердің атағынан ат тұрмақ нардың өзі үріккендей. Ебе-аға жөнінде ел мойындаған атақтар мен мақтаулар бірін-бірі топықтырып, басқалай бағалауға мүмкіндік бермей, Жаратушы да келбет пен кемеңгерлікті кімге беруді білетіндігін әр санада қайта жаңғыртты. Осы кездесудегі әңгіме арқауының негізі сол жиналысқа қатынасқан студенттердің есінен шықпаған болар.

Жиналыс қазығы, ашылғанына небары екі жылдай ғана уақыт болған Қарағанды мемлекеттік университетінің елімізге мамандар дайындаудағы орны болғанымен, әңгіме өрби келе сапалы ұлттық мамандар тәрбиелеу және оның ел болашағына қосар үлесіне ауысып, аясын кеңіте берген еді. Бүгінгі жарқын өміріміздің кемел болашағы еселеніп ескен байлығында ғана емес, оның адам капиталын қалыптастырудағы жеткен жетістігінде; күңгірттеніп отырған тарихымызды саралай келе, келешекке нық қадам жасауға бүгінгі жастардың білімімен қатар, қажырлы еңбегі ауадай қажет; оны ел алдындағы парыз, ұрпақ алдындағы қарыз деп ұғынуымыз керек; Жер шарының бес материгіне үстемдік ете бастаған әркеніет үрдісіне елді дайындайтын ұлттық мамандардың рухының биік, сапасының мықты болуында; әлемдегі ең озық тілдерді меңгерудің артықшылығында деген ойларын біріне-бірі сабақтастыра көсем ой, шешен тілмен санамызды баурап, жүрегімізді жаулап алған еді Ебе-аға. Уақытпен шектел-

меген сол танымдық сабақ қанша уақытқа созылғаны есімде сақталмапты. Әрине ол, Ебе-ағаның шәкірттерімен ашық сырласу еді...

## ИГЕРІЛГЕН ИП ІСТЕР

Сөзінен ісі алшақтамаған ұстаздың университет қабырғасында оқып жүрген жылдарда атқарып жатқан көптеген игі істерінің куәсі ғана емес, кішкене де болса эпизодтарына қатынасқан болатынбыз. Қарағанды



өндіріс орны көп шоғырландырылған кеншілер қаласы болғандықтан, қала тұрғындарының басым бөлігі орыс ұлтының өкілі-тіні. Сондықтан болар, қаладағы мекемелерде, өндіріс оқу орындарында, тіпті, биік орындарында да көпшілік орыс тілінде сөйлеуге құмар еді. Суранысқа ие бола алмай, тығырыққа тірелген тіл мен жасыған әдет-тұрыптың жоқтаушысы жоқ қала, орыс халқының төл қаласындай әсер қалдыратын.

1977 жылдың көктемінде әрі ғалым әрі жазушы қырымен танылған Е.А.Бекетов ағамыз Станиславский атындағы орыс театрында В. Шекспирдің «Макбет» спектаклін қазақша сөйлетіп, қала тұрғындарына үлкен сый жасаған. Қойылым соңы Орталық Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының ұлттық хор байқауына жалғасқан. Өңірде бірінші рет ұйымдастырылған ұлттық хор байқауында 150 студенттен құралған Қарағанды мемлекеттік университетінің өнерпаздары қара үзген еді. Хор репертуарына енген ұлы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» әндерін Ебе-ағаның өзі таңдағанының куәсі де болды. Бастауын оқу орнының ашылуымен сабақтастырған студенттер театры, жас қаламгерлер, домбырашылар, бишілер, әншілер үйірмелерінің де жұмысы бір арнаға түсіп, көп уақыт өтпей өз жемістерін бере бастады. «Студенттік шақта тек білім алудан ғана шектелмеу керек, ол іденіске толы, бар мүмкіндігінді ашатын жылдар болу керек» деген ағалық ақыл мен қамқорлығы талай жастардың мамандығынан бөлек талантына да жоқ ашқан болатын. Сол үйірмелерде талантын шыңдаған Жақсыгелді Кемалов елімізге танымал әнші болып, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері атағын алды. С.Нұрқазов, А.Айенов былғары қолғап шеберлері, Ж.Сапаров, елге танылған жезпақ болса, И.Байгисеев композиторлық, ал Г.Оразалиева жазушылық қырларын осында шыңдағандар еді. Небары екі-үш жылда, еліміздің екінші университетін аяғынан тік тұрғызып, байырғы оқу орындарының деңгейіне көтерген. Ебе-ағаның көп қырының бірі – сапалы ұрпақ тәрбиелеу арқылы ұлттың қызмет ету еді. Өзі шыққан биіктен, шәкірттерінің биігінің зор болатынына сенген ұстаз «Менен кейін не болатынын білмеймін, бірақ мен екен жүз дәннің біреуі өз жемісін берсе, мен өзімді бақытты адаммын деп санар едім» деп отыратын.

## ҚИМАЙ ҚОШТАСЫП ЕДІК...

«Мамандыққа кіріспе» сабағынан бастау алған студенттік шағымызды артта қалдырып, жас маман атандық та өмірдің жаңа

баспалдағына қадам бастық. Университет қабырғасында алған білімімізбен қоса, Ебе-ағандай ақылшы аға айтқан «қарыз бен парыз» жүйін де арқаладық.

Түсік үзіліс кезі таяп қалған. Кеңсенің қызметтік есігі ашылып, бір дағар суықты алдына салып күртасым Ислам кіріп келді. Қасында таудай тұлғасы асқақ Ебе-аға. Ебе-ағамен ағалы-інілді болып жүретін Ислам Байгисеевтің жақсы сыйластықта екендігін бұрыннан білетінбіз. Мен де орнымнан жылдам тұрып, қос қолымды ағаға ұсына бердім. Салалы саусақтары қолымды қаусыра қысты. Қайратты саусақтардан, аялы алақаннан әлде бір мейірбанды жылылықты сезіп тұрдым. Азкем амандықтан соң Ислам: «Ебе-ағаның бір шаруасын кезексіз бітіріп берсең», – деді. Мен құрақ ұшып әп-сәтте керекті құжаттарды дайындата бастадым. Өзімнің қатты сасқалақтай бастағанымыз да сезіп тұрмын.

Бір кездері Ебе-аға қарадай жала жапқан тапсырысты мақаланы оқып, нақақтан жапа шеккен ұстазымызды қалай арашалаудың жолын таппай, сырттай күйзелгеніміз болмаса, бейтараптыққа салынып, алыстан бақылағанымыз да бар-ды.

– Ебеке, мына жігіт өзіңіздің шәкіртіңіз болады, өзіміздің университетіңіз заң факультетін бітірген, дегені сол еді. Ебе аға өзінің қоңыр дауысымен баяу ғана.

– Е, бұл інімді білемін ғой. Жалпы, біздің есімізде қалатындар – оқу озағтары мен қоғамдық жұмысқа белсене араласатын студенттер. Солардың бірі – Сайлауды жақсы білетін жайым бар. Қайбір жылы студенттердің құрылыс отрядының біреуі саңырауқұлақтан ұланған болатын. Абырой болғанда дәрігерлердің көмегі дер кезінде болып, бәріміз де бәле-жаладан аман қалғанбыз. Студенттер тұрмақ, ұстаздардың өзі ажырата бермейтін саңырауқұлақтардың ұлы түрін білмей, жинап әкелген екі жігітті бірі осы – Сайлау болатын. Не істесе де, бүйір отрядтың ішін өткізген сол екі жігіт еді ғой. Әй, өздерінің құларын көрмейсің бе, сондағы саңырауқұлақ сорпасын өздері ішпелті. Өзгелер ішін басып, далаға күтіріп жүргенде, бұл екеуі дін аман қалған ғой, – деп кеңілдеп кеп күлді. Менің манағы күйім сап тыйылып, ұстазыма сүйсіне қарадым.

Біз үшеуіміз осыдан 6-7 жыл бұрын болған сол оқиғаны одан әрі дамыта есімізге алып, мәре-сәре күліп жатырмыз. Ебе-аға күлгенде рахаттана, көудесіп тік ұстап, кеңілдеп көзінен жас аққанша күлетін еді. Ол оқиғаның толық мән жайын алғаш рет Ебе-ағаның аузынан естіген Ислам да ішек-сіпесі қатып солқылған баса алмайды. Ортадағы әлгі суренсіз психологиялық перде лезде сыпыры-

лып, ағалы-інідей шүйіркелесіп, біразға дейін отырған едік.

Ебе-аға 1980 жылдың ақпанынан бастап өзі басқарған Химия металлургиялық институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасқан болатын. Өңірдегі үш академиктің бірі – Ебіней Бекетовті солақай билік мұқатқанымен, талантымен, тағлымына тұсау қоя алмады. Академик атағы бар, кіші ғылыми қызметкер ол кезде көмірлі Қарағандыны мұнайлы Қарағандыға айналдырудың теориялық және тәжірибелік шешімімен айналысып жүрді. Ебе-ағаға қажетті құжаттар да дайын болды. Менің:

– Ебе-аға, тұлпарыңыз құтты болсын, астыңызда тозсын, – дегеніме:

– Әр нәрсенің өз уақыты бар. Жасымыз да ұлғайып келе жатыр. Енді машина жүргізу қолымнан келе қояр ма екен, жасында үйренбеген кәсіптің қыр-сырын меңгеру қиын болатын шығар. Олай бол жатса, мына інім Ислам бар, бала бар, баратын жерге апарып тұрса да жарар...

Мен тағы да Ебе-ағаның өте кішіпейілдігін, өзінен кейінгілерге деген құрметі мен сеніміне және зеректігіне, өзінің дәрежесінен әлдеқайда төмен тыңдаушысымен тең дәрежеде пікірлесу алатындығына тәнті болып, басымды іздей бердім.

Ініге аға сыншы демей ме, менің осыншама сасқалақтап жүргенімді байқап отырған Ебе-аға:

– Қазақы тәрбие деген жақсы-ақ қой шіркін. Мынадай үрдістегі, ғылым мен техниканың даму заманында ғасырлардан келе жатқан ұлттық байлығымыз – қазақы тәрбиеден айырылып қалуымыз әбден мүмкін. Оны жоғалтпай, бүгінгі күнге жеткізіп отырған ауыл ғой, дала тәрбиесінің сол биязылығын сақтауға еңбек ететін, ауылдан шыққан сәндер сияқты азаматтар болу керек. Мен осы кейінгі кездері «қазақы бала емес, орысша бала молодец», деген мақалсымақты естіп, жүрегім тітіркенетін болып жүр...

Ебе-аға осы сөздерінен кейін біразға дейін іштен тынып үнсіз қалған.

Қимай қоштастық. Бірақ, асыл ағамен бұдан кейін кездесе алмаймыз деген ой менде болмаған еді.